



Автор: Shegirova Zhamal Saginowna

Пән: Дүниетану. Тарих компоненті

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Табиғи құбылыстар

Тақырып: Адамның өміріне климаттың әсері қандай?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.2.2.1 – адамзат дамуына климаттың әсерін талдау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Климаттың адамзат дамуына әсері туралы, өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға байланысты шаруашылық іс-әрекеттерін анықтайды.
Тілдік мақсаттар:	Тілдік дағдылар: Оқушылар: • зерттеу негізінде өз өңірінде табиғи апаттар туындау ықтималдығын болжайды; • климаттың адамзат дамуына әсерін талдайды;
Күтілетін нәтиже:	зерттеу негізінде өз өңірінде табиғи апаттар туындау ықтималдығын болжайды; • климаттың адамзат дамуына әсерін талдайды; • нысандардың кеңістікте бір-біріне қатысты орнын анықтайды; • өзінің жасанды ортадағы қауіпсіздігін жоспарлайды.
Бағалау критерийлері:	зерттеу негізінде өз өңірінде табиғи апаттар туындау ықтималдығын болжайды; • климаттың адамзат дамуына әсерін талдайды; • нысандардың кеңістікте бір-біріне қатысты орнын анықтайды; • өзінің жасанды ортадағы қауіпсіздігін жоспарлайды.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Математика, дүниетану, әдебиеттік оқу, көркем еңбек.
Пәнаралық байланыс:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Бастапқы білім:	Оқушылар табиғи құбылыстар, ауа-райы элементтері, ауа-райының болжамы, климат, климаттың адамның іс-әрекеттеріне әсері, табиғаттағы қауіп-қатерлер туралы 2-сыныпта «Бізді қоршаған әлем» тарауында, 3-сыныпта «Жанды табиғат» тарауында оқып танысқан. Оқушылар ауа-райының қолайсыз жағдайларында өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыруды,

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	«Мен ақылды баламын» әр бала өзінің жақсы қасиеттерін атап, қалай өсіп келе жатқанын айтады. Мен-Бекзада, барлық жағынан біліміммен ерекшеленемін. Мен-Инжумін, үйдің балдай тәтті еркесімін, кенжесімін, дегенмен сабағымды жақсы оқимын деген сияқты.	
Сабақтың ортасы	Адамның өміріне климаттың әсері қандай? «Климат» гректің «клима» – көлбеу деген сөзінен шыққан. Климат күн сәулесінің Жер бетіне көлбеу түсуіне байланысты қалыптасады. Көлбеу түсетін сәулелерге қарағанда тік түсетін сәулелер ыстығырақ болады. Олар ауаны қыздыру арқылы Жер бетін жылдамырақ жылытады.	
Сабақтың соңы	Жаңа білім мен тәжірибені қолдану. Ой толғаныс кезеңі. «Мен де үйрендім!» стратегиясы. Осы сабақта нені үйрендік? Кім нені үйренгенін айтып шықсын. Егер басқа балалар да соны үйренген болса, «Мен де үйрендім» деп айтып отырсын. Жұмыстарыңа баға беріңдер. Көпшілігі жұлдызшаны таңдапты! Осы кішкентай жұлдыз сендерге тарих әлемінде жол көрсететін жарық жұлдыз болсын!	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия	Рефлексия «Білім сандығы» кері байланыс	